

**Мемлекет пен құқық
теория және
тарихы**

**Теория и история
государства
и права**

**Chair of state and
law theory
and history**

ӘОЖ 321(091); 34(091)

¹А.С. Ибраева*, ²А.М. Каратаева, ³С. Бахтыбаева

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, з.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, з.ғ.к., доцент, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, магистрант, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: ibraeva_tgp@mail.ru

Менталитет және оның құқықтық мәдениетке ықпалы

Осы мақалада менталитеттің түсінігі, түрлері және оның табиғаты ашылады. Сонымен қатар мақалада менталитет пен құқықтық менталитеттің арақатынасы талданады. Мақалада құқықтық менталитет пен құқықтық мәдениеттің өзара қатынасы, менталитеттің құқықтық мәдениетке ықпалы қарастырылады.

Түйін сөздер: мәдениет, менталитет, құқықтық мәдениет, мемлекет, құқықтық менталитет.

A.S. Ibrayeva, A.M. Karatayeva, S. Bahtybayeva
The mentality and its influence on the legal culture

In this article the concept, types and nature of mentality. The article also discusses the relation of the mentality and the legal mentality, the legal mentality and legal culture, the impact on the mentality of the legal culture.

Keywords: culture, mentality, legal culture, the state, the legal mentality.

А.С. Ибраева, А.М. Каратаева, С. Бахтыбаева
Менталитет и его влияние на правовую культуру

В данной статье раскрываются понятие, виды и природа менталитета. В статье также рассматриваются соотношения менталитета и правового менталитета, правового менталитета и правовой культуры, влияние менталитета на правовую культуру.

Ключевые слова: культура, менталитет, правовая культура, государство, правовой менталитет.

Құқықтық мәдениет жалпы мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде, оның бастауының сипаты, дамуының көрінісі, халық менталитетінің жаршысы болып келеді. Ұзақ уақыт бойы әлеуметтік ғылымдарда адам ақылға, тарихтың кейбір заңдылықтарына бағына отырып әрекет етеді

деп есептелді. Ал оның түйсіктік, эмоционалды тараптарына назар аударылмады.

Үлкен топтарға, қоғамдық құрылымдарға, кластарға көп көңіл бөлінді. Бұл қоғамның атомдық бірлігі индивидке еш көңіл бөлінбеді десек те болғандай. Ішкі дүниені зерттейтін белгілі

бір категориялар болды, мысалы: «ойлау жүйесі», «дүниені сезіну», «таптық сана», «ұлттық сана», «әлеуметтік құқықтық сана». Марксистік ілім әлемге индивидуалдық көзқарасты мойындамады. Бұл тұжырымдамада ғылымда қалыптасқан детерминизация негізге алынады: әрбір адам өз әрекетімен, психологиялық қалыптармен, басқа да техника-экономикалықтан бастап әлеуметтік топтықтан аяқталатын сыртқы факторлармен детерминацияланған. Яки адамдық әрекеттің детерминациясы әлеуметтік орта, топ арқылы қалыптасады. Бұл процесс адамның психологиялық дамуын, генетикалық деңгейде берілетін санасын, есепке алмайтынын айта кету қажет.

Әлеуметтік факторлар адамның мәдениетін, оның ішінде құқықтық түрлілігін анықтайтын жалғыз фактор болып табылмайды. Адамдық мазмұнды санасыз түрде, психикалық деңгейде қалыптасатын сезім, идея, сенім, дәстүр, салт, сана әдеттері, әрекет автоматизаторларынсыз елестету мүмкін емес. Ұлттық параметрлермен шектелетін, адамның психологиялық саналық ерекшеліктері «менталитет» терминімен беріледі. Соңғысы тереңде жатқан, адамның әлеуметтік құбылыс, құқықтық құбылыстарға табиғи, шынайы, қатынас қабілеттері болып келеді. Сондықтан да адамдық өркениеттің әрі қарай дамуындағы өзгерістер адамның индивидуалдық сана деңгейіндегі өзгерістеріне байланысты болады.

Құқықтанудың ұлттық ерекшеліктерін «Данинос мысалы» қарапайым деңгейде түсіндіріп бере алады. Америкалық жаяу жүргінші кадиллактағы миллиордерді көрген кезде өзі де сол кадиллактың рөліне отыратын күнді армандайды. Ал француз жаяу жүргіншісі оны орнынан алып тастап, оның да «басқалар» сияқты жүретін күнін армандайды [1].

Құқықтық мемлекеттің құрылуын азаматтық қоғамның құрылуымен тығыз байланыстыра аламыз, ол кезде адам көбірек индивидуалданып, оның автономиясы кеңейеді. Дербес топтық құрылымдар еркін орнай бастайды. Сондықтан да ғылым адам санасы мен психикасында жүріп отыратын процестерді зерттеуге көп көңіл бөлуі қажет. Бұрын ғылымдарда объективті көзқарас субъективті көзқарастан басым тұрса, бүгінгі таңда олардың арақатынасы теңелуде. Сондықтан құқықтық мәдениетті объективті зерттеу үшін оның субъективті бөліміне де көңіл

аудару қажет. Өйткені ол кейде, оның иесінің еркінен тыс оның әрекетінің басты қозғаушысы болып табылады. Осы саналық құбылыстар менталитетті құрайды.

Құқықтық мәдениеттің этноисторикалық негіздерін жоюдың алдын алатын тұлғаның сау рухани құқықтық санасын қалыптастырып, бекітіп, оның жақсы қасиеттерін дамыту қажет. Жеке адамның құқықтық мәдениетіне қоғамның құқықтық мәдениеті тікелей тәуелді. Өз кезегінде, құқықтық сана мен құқықтық мәдениет халық менталитетіне сүйенуі қажет.

«Менталитет» ұғымы өз бастауын латынның *mens* ақыл, ойлау деген сөзінен шығады. Көптеген Еуропа тілдерінде бұл сөз XIX ғасырдың ортасындағы әдебиеттерде көп қолданылады. Шетелдік ғалымдардың түсінігінде, менталитет адам туралы көзқарастар, оның әлемдегі орны, сезім, симпатия, антипатиядан тұрады. Бұл көріністер мен сезімдер логикалық систематизацияға, талқылауға түседі. Олар көбіне санаға емес, түйсікке қатысты болып келеді. Егер сана адамның ойлауын қадағаласа, менталитет оның әрекетін қадағалайды.

«Үлкен энциклопедиялық сөздікте» менталитет «жеке адамға немесе қоғамдық топқа тән сана қабілеттері, ойлау үлгісі, рухани қалыптары» деп берілген [2].

«Mentalite» – термині саясиленген Еуропа қоғамында ойлау ғылымы саласында түбегейлі өзгерістер орын алған кезде туындады. Осы кезде «сана» мен «ақыл» бір түсінік емес екендігі мойындалды. Сана тек ақылды емес, сонымен қатар адамның ойы мен эмоцияларының көзі болып келетін терең және жасырын бір құрамдас бөлікке ие екендігі анықталды. Бұл құрамдас бөлік «менталитет» деп аталды.

Бұл терминнің ғылымдық айналымға кірігуі оның идеологиялық құрылым, қоғамдық пікір, саясаттан тәуелсіз бола алатындығын көрсетті. Бұл түсініктің құрылымын білу үшін мазмұнын түсіну қажет. Сондай-ақ азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құрудағы рөлін білу қажет. Менталитетті зерттеу үшін, адам мәселесін зерттейтін барлық әдістердің бірігуін талап етеді. Мұнда ең тиімді әдіс құрылымдық функционалдық әдіс бола алады. Менталитеттің ойдан айырмашылығын қарастыра отырып, көптеген құрамдас бөліктердің жиынтығы, үйлесімі деп алу қажет.

Менталитет, бір жағынан, адамның барлық индивидуалдық қасиеттерін қайталай отырып, екінші жағынан, оның тұлғалық қайталанбастығын көрсетеді.

Менталитеттің бағдарламасынан қоғамнан индивидке берілетін үш негізгі бағдарламаны айрықша атап өтуге болады: түрдің дамып, сақталуы; өз ұрпағын дамытып, сақтау; өзін-өзі сақтау және дамыту. Осы үш бағдарлама да адамдардың санасы мен тарихи практикасында бар.

Бірінші бағдарлама осы әлемдегінің барлығының өзара байланыстылығы, тұтастығына қатысты. Оны космоорталықтық мәдениет деп атауға болады.

Екінші бағдарлама өз ұрпағын, жекелеген топты, қоғамды сақтау және дамытуға қатысты болып келеді. Мұнда негіз ретінде ұжымдық үлгі – халық, топ, ұлт бейнесі алынады. Бұл – социоорталықтық, ұжымдық менталитет. Мұндай менталитет қазақ халқына тән болып келеді.

Үшінші бағдарлама басымдық ретінде индивидтің құқықтары мен еркіндігін көрсетеді. Ол өмірінің мақсатын соларды қорғау деп бекітеді. Бұл менталитет түрін антропоорталықтық немесе эгоорталықтық деп көрсетуге болады. Эгоцентрилік менталитет тұлғаның өзін-өзі қалыптастыруына, басқаларға билік етуге бағытталған. Бұл менталитеттің негізі әрбір адам өз бақытының шебері, ал бақыт иелікте деген тұжырымдамаға келеді. Бұл индивид айналысқан іспен айналысқан адамның барлығы оның бәсекелестері болып табылады.

Эгоорталықтандырылған менталитет индивидуализация процесін күшейтеді, ол ой, эмоция, әрекетке бағытталады. Алайда жалғыздық орнап, тыныштық кетеді. Өйткені өзгелерге өгейлік сезіле бастайды. Басқалардан бұлай бөліну «изоляцияға» алып келуі мүмкін. Қоғаммен қатынасты жоғалту еркіндікті күмән ұясына айналдырады. Осы кезде адамдармен байланыстың жолын іздеп, еркіндікті де құрбан етуге дайын болады. Бұл менталитет еуропалық мемлекеттерге тән.

Қазақстандық қоғамның демократиялық қоғамға өтуі, оның азаматтарына тұлға құқығы мен еркіндіктерін әкелуде. Азаматтық қоғамның мақсаты да осы. Осы тұста оның негізгі өмір сүру құқығы, ой, сөз, ар-ождан бостандығын

қорғайтын қорғау механизмдерін жасақтау қажет болады.

Менталитет төмендегілерден тұратын күрделі құбылыс болып келеді: ойды жеткізетін құрал ретіндегі тіл, жас буынның жоғары буынға қатынасы, адамдар мен басқа ұлттар арасындағы қатынас, халықтың рухани қызметі; салт-дәстүр; діни көзқарастар; табиғат пен адамды қабылдаудың ерекшеліктері; материалдық өндіріске қатысты адамның өз күшін тануы.

Әрбір халық, әрбір ұлт мыңжылдықтар бойы қалыптастырған өз менталитетіне ие. Осы орайда, А. Сейдімбеков пен Д. Кішібековтің қазақ халқының менталитетінің ерекшеліктері қарастырылған монографиялары назарда ұсталуға тиіс [3].

Биологиялық ерекшеліктер де адамның менталитетіне байланысты. Б.С. Волков адамның биологиялық ерекшеліктері оның менталитетінің қалыптасуына әсер береді дейді. Бұл тұлғаның физикалық және рухани ерекшеліктерінің өзара әрекеттесуінен, өмірдің әлеуметтік шарттары мен тәрбиеге байланысты туындайды [4].

Н.А. Стручков былай дейді: тұлға әрекетінің физиологиялық негізі жүйке жүйесінің туылғаннан қалыптасқан қасиеттері болып табылады. Олай болса, тұлға қасиеттерінің мұраға берілетіндігі жайлы да сөз қозғауға болады [5].

Биологиялық қасиеттердің адамның әрекетіне әсер ететіндігі туралы сұрақ өте күрделі және оған қазіргі күнге дейін жауап табылған жоқ. Тарихи және логикалық планда бұл оны үш кезеңге бөліп, үш деңгейде қарастыруға болады.

Бірінші, үстіртін, олоорганизмнің мұрагерлік қасиеттері мен адам әрекеті өзара байланысты ма, жоқ па деген сұраққа ғана жауап береді. Зандық әдебиеттерде бұл сұраққа жауап оң болып табылады [6].

Екінші деңгей, адам организмі дамуына, психологиялық процестерге, әрекетіне әлеуметтік, биологиялық үлестердің қаншалықты екендігін анықтайды [7].

Үшіншісі, әлеуметтік, биологиялық, мұраға алған пайымдарды өзара салыстыру болып табылады. Олардың бір-бірімен нақты қарым-қатынастары да осы сатыда қарастырылады [8].

Адамның әлеуметтендірілген тұжырымдамасына қарамастан, қоғамдық ғылымдарда саны, оның адамның әрекетіне әсерін зерттеуге ұмтылған әрекеттер орын алған. Менталдылық

мәселесін зерттеген ғалымдардың бірі ғалым медиевист Арон Гуревич ойдың стереотиптері мен әдеттерін қарастыра отырып, «ойлаудың автоматизмдері» ұғымын қолданады [9].

«Менталитет индивидуалды және қоғамдық сананың деңгейі... тірі, өзгергіш, дегенмен сол қоғамға тән, мәдени дәстүрлердің терең аймақтарына сүйенетін өмірлік қалып, әрекет үлгілері, эмоция, көңіл-күйдің константалары бар...» [10].

М. Рожанскийдің пікірінше, mentalite ұғымы ХХ ғасырдағы батыстың интеллектуалдық өмірінде ақылдың санаға теңестірілуі ретінде қалыптасты. Mentalite – саналылық пен санасыздықтың, логика мен эмоцияның жалпы бір сипаттамасы, терең, сондықтан да түсіндіруге қиын ой, идеология, сенім, сезім және идеологияның қайнар көзі. Ол әлеуметтік өмірмен байланысы бар, тарихи тұрғыдан да, әлеуметтік тұрғыдан да өз тарихы бар болып келеді [11].

Игорь Клямкин қандай да бір тарихи кезеңнің «басымдық етуші тұлға типі» мен «бағытталған тұлға» терминін қолданады [12].

Автор осы терминдерді қолдана отырып, 1929-34 жылдары Кеңес Одағында қалыптасқан бұйрық әкімшілік басқару жүйесі «басымдық етуші тұлғаға» жауап беретін болған. Мұнда автор құқықтық менталитет практиканы көрсетіп қана қоймай, индивидтердің әлеуметтік әрекеттерін де детерминациялайтынын жеткізуде.

Бір әлеуметтік тұрақты топтың, яки белгілі халықтың даму тарихын зерттейтін болсаң, бір бірлікті байқайсың. Бұл орыс халқына да тән болып келеді, бұған қатысты Н.А. Бердяев те өз пікірін білдіреді [13].

Дамудың кез келген сатысында халықтың менталитеті белгілі бір бірлікті сақтап тұрады. Менталитет дегеніміз – бір этносқа немесе тұрақты әлеуметтік топқа тән ұжымдық әрекет, қызмет, түрлі жағдайларға эмоционалдық жауап.

Этнос та, қоғам да, индивид те менталитетті өз қалаулары бойынша өзгерте алмайды. Әлбетте, бұл менталитет қатып қалған, өзгеріссіз дегенді білдірмейді. Менталитет өзгереді, алайда ол субъект тарапынан емес, көптеген факторлардың әсерімен орын алады. Индивидтің өзіне тән индивидуалды реттегіш мәнді сәлассы бар, алайда менталитет оны тайпаластарымен, класс бойынша ағайындарымен байла-

ныстыратын нәрсе. Сондықтан да менталитет саналы түрде салынған күштен өзгере қоймайды.

Қазақ менталитетінің көшпенді өмірден қалыптасқан ерекшеліктері рухани ұжымдастық, өзара түсіністік, өзара көмек, өзара құрмет, ұжымдық жауапкершілік болып табылады. Ал еуропалық мемлекеттер менталитеті болса, индивидуализмге негізделген. Сондықтан бұл екі менталитетті теңестіруге болмайды. Біздіңше, биосфералық, табиғи-климаттық, ландшафтық, геосаяси шарттар менталитеттің ерекшеліктерін қалыптастырады. Ал олар өз кезегінде белгілі бір халықтың шаруашылық-тұрмыстық құрылымына, әдеттеріне, дәстүріне әсер етеді. Осылайша, ол оның дүниетанымының ерекшеліктерінде, оның «әлемінің айнасын» қабылдауында шешуші фактор болып келеді.

«Әлемнің айнасы» термині алғаш рет австриялық философ Людвиг Витгенштейн тарапынан «Логика-философиялық» трактатында айналымға енгізілді. Ғылымда бұл термин шынайы тұрмыс жайындағы интуитивті түсініктер жүйесі аталады. Психопсихологиялық кез келген бірліктің ұлт немесе этнос маманданға топтан жекелеген тұлғаларға дейін олардың «әлемінің айнасын» суреттеуге болады. Әр тарихи кезеңнің өзіне тән «әлемінің айнасы» болады. Сонымен қатар бүкіл әлемнің де «әлемінің айнасын» елестетіп көруге болады, бірақ ол тым абстрактілі болмақ. Әрбір халықтың нормалар мен құндылықтар, жақсылық пен жамандық туралы түсініктері бар, бірақ әр халықта ол әртүрлі.

Менталдылықты оның нақтылықтан алыстығы, қалыптаспағандығы, аяқ астылығы ерекшелейді. Ол аяқ асты әрекеттерде, аффектерде көрініс табады. Ол әрекеттің нақты сызбасына емес, бейсана әрекетпен де сипатталады. Гуревич былай дейді: «Біз менталитет жайлы сөз қозғағанда саналы бір әрекет, қалыптасқан идеялар мен қағидалар жайлы емес, олардың мазмұны жайлы сөз қыламыз» [14].

Менталитет – барлық халыққа және оның индивидтеріне тән қасиет. М.С. Орынбеков: «менталитет – қоғамда ұжымдық түрде қалыптасатын ойлау және әрекет құрылысы, ол қоғамның барлық мүшелерінде бар және индивидуалдық деңгейде көрініс табады», – дейді [15].

Менталитеттің ерекшелігі, субъект оның бар екендігін, оның тасушысы болып табылатындығын сезбейді. Менталитет – тек

зерттеушілер үшін ғана емес, оның тасушылары үшін де жасырын, құпияға толы құбылыс. Ол адамның еркінен тыс, тәрбие, тіл, мәдениет, дәстүр, дін, әлеуметтік құрылым, өмірлік үлгі, яки қоршаған орта негізінде қалыптасады. Мұнда И.В. Кондаковтың «менталитетті» «әлемінің айнасы» ұғымымен алмастыруға болады, алайда соңғысын елестетіп көруге болады, ал алғашқысын бастан кешіріп, эмоциямен түсіну керек [16].

Менталитеттің саналы идеологиядан айырмашылығы кез келген адамға тән. Жалпы адам нақты өмірлік ұстанымға ие болмауы мүмкін, алайда менталитетсіз адам болмайды. Сондықтан дәл осы менталитет оның барлық әрекеттеріне бастау болады деп айтуға болады.

Менталитет консервативті, ол көптеген жалпы реакцияларды, әрекеттерді, қалыптардың бастаушысы. Көптеген саяси қайраткерлер жеңісінің себебін сараптасақ, көпшілік санасын манипуляциялау, менталитетпен жұмыс жасай білу екендігіне көз жеткіземіз. Қандай да бір қайраткердің ұсынысы «түйсік түбіндегі ойларға» сәйкес келсе, реформалардың жеңіске жетуі сөзсіз болып келеді.

Бүгінгі таңда посткеңестік кеңістікте батыстық институттарды орнықтыруға кедергі болып отырған осы жетпіс жылда қалыптасқан коммунистік менталитет әсері болуы да мүмкін. Сондықтан да құқықтық мемлекет құру тек жаңа құқықтық база мен экономикалық негіздерге ғана емес, қоғамның менталитетін өзгертуге де байланысты болып отыр. Дәл осы менталитеттің керітартпа әсерінен бүгін де жүзеге асырылып отырған реформалар нәтижесіз болуда. Елбасымыз, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың пікірінше, «дамуға кері әсерін тигізіп отырған коммунистік рухта пісіп жетілген менталитетіміз болып отыр. Адамдарға субъективті де, объективті де факторлар әсер етеді, орын алып жатқан өзгерістерге олар өте жай үйренеді, өз мәселелерін шешуде мемлекетке әлі де болса иық артады. Мұндай көзқарас пен пікір оларды ерік-жігерінен айырып, қиындықтармен күресу күштерін жояды.

Жаңа үкіметтің өзі де оның рөлі адамдар үшін шешім шығару емес, керісінше, еркін азаматтар мен жеке сектор өздері және отбасылары үшін тиімді шараларды жүзеге асыра алатын жағдайды қалыптастыру екендігін жете түсінбеуде. Жалпы сананы жаңа құндылықтар

жүйесіне жақсы бейімделген жастарға сүйене отырып асықпастан өзгерту керек.

Мемлекет адамдардың ойын бір мезетте өзгерте алмайды. Алайда ол бұл процесті жеделдетуге септі бола алады: объективті тенденцияларды түсіндіру, маңызды ақпаратты халыққа жеткізу, әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асыру. Адамдарда жаңа көзқарас қалыптасқанша көп уақыт кетеді» [17].

Бұдан аз бұрын мемлекеттік құқықтық қызмет мемлекеттің басу, күштеу концепциясына негізделген болатын. Көптеген мәселелер мақсатты, тіке әсер ету арқылы жасалды. Осыдан халық санасында құқық оны биліктен қормайды, керісінше билік құқықты халықты басу және қоғамға қажеті шамалы бағдарламаларды жүзеге асыруда құрал ретінде пайдаланады деген пікір қалыптасқан. Құқық индивидтерді биліктің бейберекет әрекетінен қорғайтын мәртебесінен айрылып қалды.

Біздің ойымызша, «құқықтық менталитет» және «құқықтық мәдениет» ұғымдары бөлек ұғымдар болып келеді. Құқықтық менталитет – тұрақтырақ, оңай өзгермейтін ұғым. Ол бір территорияда тұрып түрлі тарихқа ие болған құқықтық сана ерекшеліктерінің терең сипаттамасы болып келеді. Ал құқықтық мәдениет болса, кең, динамикалық, халықтың тек психологиялық ерекшеліктерін ғана емес, қоғамдық қатынастарды реттеудің нақты құқықтық құралдарын да қамтиды.

Құқықтық менталитет құқықты жасауда, оны жүзеге асыруда реттеуші рөл атқарады. Индивидтердің, ұлттық және басқа да әлеуметтік топтардың, мемлекеттің барлық тұрғындарының әрекетіне әсер етеді. «Құқықтық менталитет» термині өз мазмұны бойынша тек құқықтық мәдениет құндылықтарын ғана емес, халықтың құқыққа қатысты психологиялық, рухани жағдайын да сипаттайды. Осыдан менталитет табиғи және әлеуметтік шарттасқан компоненттер негіздерінде туындап, адамның қоршаған әлем жайындағы көрінісін аша түседі.

Құқықтық сана құқықпен байланысты қалыптасқан жағдайды субъектінің қабылдауы болып келеді. Адамдардың құқық жайындағы білімдері, ол жайындағы түсініктері адамның индивидуалды практикасының нәтижесі емес, ол құқықтық әлеуметтену барысында тұлғаның әлеуметтік ортадан сіңіретін бөлшегі.

Құқықтық әлеуметтену барысында алынған білім, оны интуитивті сезіну, бағыттау, құндылықтар мен қалыптар құқықтық менталитетті, жалпы құқықтық құралды құрайды. Ол арқылы адам табиғи, әлеуметтік ортаны және өзін танып біле алады.

Құқықтық мәдениет пен құқықтық сана феноменін объективті зерттеу үшін тарихи шарттасқан әрекеттерді, құқықтық әрекет үлгілерін, құқықтық қалыптарды қарастыру керек, олар өз кезегінде, әлемді сезіну, көру, түсіну, яки құқықтық менталитетпен байланысты. Құқықтық менталитет мызғымастығы және консервативтілігімен белгілі. Құқықтық мәдениет өмірінде бұл екі жақты рөл ойнайды: прогрессивті және регрессивті. Бірінші жағдайда құқықтық менталитет нормативті реттеудің өзгертілмес қорғаушысы. Дәл осы консервативтілік алдыңғы ұлттық және әлемдік

құқық дәстүрінде бар болған ең жақсы тұстарды сақтап, көбейтуге мүмкіндік береді. Біздің пікірімізше, қазақ халқы өзінің құқықтық менталитетінің консервативтілігінің арқасында халық ретінде сақталып қалды.

Құқықтық консервативтіліктің жағымсыз тұстарына келетін болсақ, ол заңдық құндылықтарды жаңа қоғамдық қалыптасқан жағдайларды үнемі есепке ала отырып жүзеге асырады деп айта алмаймыз. Осылайша, социалистік құқықтық мәдениеттің позитивті потенциалы өзіндегі «негативті» жеңіп шыға алмады. Сондықтан да социалистік құқықтық сананы түбірімен жойып, оны адамгершілік, демократиялық көзқараспен алмастыру қажет.

Қоғамның құқықтық мәдениетінің онтологиялық және аксиологиялық мәртебесі құқық рухында, құқық сезімінде, рухани дамыған құқықтың этникалық идентификациясында жатыр.

Әдебиеттер

- 1 Смирнов В.П. Франция: страна, люди, традиции. – М.: Мысль. – 1988. – С. 116.
- 2 Большой энциклопедический словарь. Гл. Ред. А.М. Прохоров. Изд. 2-е. – М.: Научное издательство «Большая российская энциклопедия». – 1998. – С. 717.
- 3 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999; Сейдімбеков А. Соңар. – Алматы: Жалын, 1989.
- 4 Волков Б.С. Детерминистическая природа преступного поведения. – Казань, 1975. – С. 80, 85–86.
- 5 Стручков Н.А. О механизме взаимного влияния обстоятельств, обуславливающих совершение преступлений // Советское государство и право. – 1966. – № 10. – С. 115.
- 6 Криминология. – М., 1979. – С. 108.
- 7 Сеченов И.М. Рефлексы головного мозга. – М., 1952. – С. 206.
- 8 Кудрявцев В.Н. Причинность в криминологии. – М., 1968. – С. 69.
- 9 Гуревич А. “Жизнь после жизни” или нечто о современности и средневековье // Знание – сила. – 1990. – № 11. – С. 56.
- 10 Гуревич А. Ментальность // Опыт словаря нового мышления. – М., 1989. – С. 454.
- 11 Рожанский М. Ментальность // Опыт словаря нового мышления. – М., 1989. – С. 459.
- 12 Проблемы комплексного изучения человека // Философские науки. – 1988. – № 8.
- 13 Бердяев Н.А. Истоки и смысл русского коммунизма. – М., 1990. – С. 8.
- 14 Гуревич А.Я. Исторический синтез и школа “анналов”. – М., 1993. – С. 78.
- 15 Орынбеков М.С. Казахстанская философия в канун XXI века. – Алматы, 1998. – С. 13.
- 16 Кондаков И.В. Введение в историю русской культуры. – М.: АПЕКТ ПРЕСС, 1997. – С. 40.
- 17 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Елбасының Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Білім, 1998. – 19-20 бб.

References

- 1 Smirnov V.P. France: the country, people and traditions. – Moscow: The thought. – 1988. – S. 116.
- 2 Great Encyclopedic Dictionary. Chap. Ed. AM Prokhorov. Ed. 2nd. – M.: Scientific Publishing "Big Russian Encyclopedia". – 1998. – S.717.

- 3 Kishibekov D. Kazakh mentaliteti: cache, bygin, erten. – Almaty: Gylym, 1999; Seydimbekov A. Sonar. – Almaty: Jalyn, 1989.
- 4 Volkov BS The deterministic nature of criminal behavior. – Kazan, 1975. – S. 80, 85-86.
- 5 Struchkov NA On the mechanism of the mutual influence of the circumstances that lead to the commission of crimes // the Soviet state and law. – 1966. – № 10. – S. 115.
- 6 Criminology. – Moscow, 1979. – S. 108.
- 7 IM Sechenov Reflexes of the brain. – M., 1952. – S. 206.
- 8 Kudryavtsev VN Causation in criminology. – M., 1968. – S. 69.
- 9 Gurevich, "Life After Life" or something about the present and the Middle Ages // Knowledge – force. – 1990. – № 11. – S. 56.
- 10 Gurevich Mentality // Experience dictionary of new thinking. – M., 1989. – S. 454.
- 11 Rozhansky M. Mentality // Experience dictionary of new thinking. – M., 1989. – S. 459.
- 12 Problemy comprehensive study of man // Philosophy. – 1988. – № 8.
- 13 Berdyaev NA The Origin of Russian Communism. – M., 1990. – C. 8.
- 14 AJ Gurevich Historical synthesis and school "Annals." – M., 1993. – S. 78.
- 15 Orynbekov MS Kazakhstan's philosophy on the eve of the twenty-first century. – Almaty. 1998. – S. 13.
- 16 Kondakov IV Introduction to the history of Russian culture. – Moscow: APEKT Press, 1997. – S. 40.
- 17 Nazarbayev N.A. Kazakhstan – 2030: Barlyk kazaqstandyktardyn osip-orkendeui, kauipsizdigi zhane al-aukatynyn artyu: Elbasynyn Kazakhstan halkyna zholdauy. – Almaty: Bilim, 1998. – 19-20 bb.